

## **Құдай сөздерінен лайықты жауаптар**

### **Мен Құдай бар дегенге сенбеймін, өмір жалғасуда.**

«Ақылсыздар іштей «Құдай жоқ!» деп ойлайды, Әбден бұзылған олар жексұрындық жасайды, Жақсылық жасайтын ешқайсылары болмайды» (Забур.13:1).

«Бірақ Құдай оған: «Ей, түйсіксіз пенде, бүгін түнде жаның алынады! Сонда сенің жиып-тергенің кімге қалады?» — дейді (Лұқа12:20).

«Ең бастысы, осы соңғы заманда арам құмарлықтарына салынып, сендерді келемеждейтін адамдардың шығатынын біліңдер. Мұндайлар: «Оның қайтып келетіні жөніндегі уәдесімен не болды, ә? Аталарымыз қайтыс болғаннан кейін де барлық жайттар еш өзгеріссіз, жаратылыстың басталуынан бергі қалпында қалып келеді», — дейді» (2Пет.3:3-4).

### **Мен қазір өмірдің барлық қызығын көріп қалғым келеді.....Құдай туралы кейін ойлаймын.....**

Мақтанба ертеңгі күніңмен, Сол күннің не әкелерін білмейсің сен. (Нақ.27:1)

Себебі Ол былай деген: «Мейірім көрсететін кезімде саған құлақ салдым, Құтқаратын күнім келгенде қамқорың болдым». (2Қор.6:2)

### **Егер мен өлсем, сонда барлық нәрсенің де біткені ме?**

Құдай әр адамның бір рет өліп, содан соң қиямет сотының алдында тұратынын белгілеген. (Евр. 9:27)

Үлкенді-кішілі өлген адамдардың тақ алдында тұрғандарын байқадым. Кітаптар ашылып, ерекше бір кітап Мәңгілік өмір кітабы да ашылды. Өлгендер сол кітаптарда жазылған, өздері тірі кездерінде жасаған істеріне сай сотталды. Теңізде қаза тапқандар да, жалпы ажалға ұшырап, о дүниеге аттанғандардың бәрі де қайта тіріліп, іс-әрекеттері бойынша сотталды. Бұдан кейін ажал мен о дүние тозақ отына лақтырылды. Тозақ оты «екінші өлім» деп те аталады. Кімнің есімі Мәңгілік өмір кітабында жазылмаған болса, сол да тозақ отына лақтырылды. (Аян 20:12-15)

### **Сонда қиямет соты күні тозақ отына жіберілгендер анықталады деген сөз ба?**

Оған сенушілер қияметте сотталмайды, ал Құдайдың жалғыз рухани Ұлына сенбейтіндер әлдеқашан сотталған. Ал соттың мәні мынадай: «Құдайдың Нұры» жерге келді, бірақ адамдар Одан гөрі түнекті жақсы көрді, себебі олардың істері жаман еді. Құдайдың рухани Ұлына сенушілер мәңгілік өмірге ие. Ал Оны тыңдамағандар шын өмірді көрмей, Құдайдың төніп тұрған қаһарына ұшырайды. (Жох.3:18-36)

### **Мен жаман адам емеспін. Кісі өлтірген жоқпын, еш нәрсе ұрлаған да емеспін, сонда да сотталамын ба?**

Киелі жазбаларда бұл туралы мынадай сөздер бар: «Бірде-бір әділ кісі жоқ.» (Рим.3:10)

Тіпті бүкіл Таурат заңын орындай тұра, бір жерінде сүрінген адам оны түгел бұзғандай айыпты. (Жақ.2:10)

### **Құдай мейірімді, ол менің жаман іс әрекеттерімді жуып шаятына сенімдімін.**

Ол сүйіспеншілігін мыңдағандарға ұдайы көрсетеді, Тіпті Өзіне қарсы шығып әділетсіздік жасап, Күнәға батқан адамды да кешіруге дайын. Ал (қасарысқан күнәкарды) жазалаусыз қалдырмайды. Аталарының жасаған әділетсіз істері үшін Балалары мен немерелерін, Тіпті шөберелері мен шөпшектерін де жазалайды, — деп дауыстады. (Мыс.34:7)

« Мен шақырсам да, сендер тыңдаудан бас тарттыңдар, Құшағымды жайсам да, назар аудармадыңдар, Ақыл-кеңесімнің бәріне ден қоймадыңдар, Ескертулерімді мүлдем қабылдамадыңдар! Сол үшін де қиналған кездерінде күлемін, Үрейлерің ұшқанда келеке етемін (Нақыл.1:24-26)

### **Егер мен дұға етсем және қайырымдылық жасап басқаларға көмектессем, мен сауап жинаймын.**

«Ол бізді жасаған әділ істерімізге бола емес, Өзінің мейіріміне бола күнәдан жуып тазартып, Киелі Рухы арқылы рухани қайта туғызып жаңартты». (Тит.3:5)

« Иса: — Саған өте маңызды шындықты айтып тұрмын: кімде-кім қайтадан туылмаса, Құдайдың Патшалығына кіре алмайды, — деді». (Жохан.3:3)

### **Бірақ бұл жауап та мені қанағаттандырмайды. Құдайдың алдында барлығымыз бірдей боламыз дегенге сене қоймаспын.**

« Құдай яһуди және басқа ұлт адамдарының бәрін де Иса Мәсіхке деген сенімдері арқылы ақтайды. Себебі бұл жерде ешқандай айырмашылық жоқ» (Рим.3:22,23)

«Тіпті бүкіл Таурат заңын орындай тұра, бір жерінде сүрінген адам оны түгел бұзғандай айыпты». (Жақ.2:10)

«Киелі жазбаларда бұл туралы мынадай сөздер бар: «Бірде-бір әділ кісі жоқ». (Рим.3:10)

### **Сонда мен жақсы іс әрекеттер жасасам және адамдарға ұнамды болсам құтқарылуға ие бола алмаймын ба?**

« Иса: — Ол Жібергенге сеніңдер, Құдайдың еркі сол, — деді». (Жохан.6:29)

### **Құдай үшін менің барлық күналарымды Иса Мәсіхті Құтқарушы ретінде қабылдау арқылы кешіру өте жәй нәрсе сияқты көрінеді**

« Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады». (Жохан.3:15,16)

« Сендерге өте маңызды шындықты айтайын: кімде-кім сөзіме құлақ асып, Мені Жібергенге сенсе, сол мәңгілік өмірге ие. Ол қиямет сотына тартылмайды, керісінше, рухани өлімнен шынайы өмірге өтті. (Жохан.5:24)

## **Егер мен Құдай Ұлын Құтқарушы ретінде қабылдасам Құдай менің күналарымды кешіретіндей Құдай Ұлы соншалықты не істеді?**

« Жасақшылар Исамен бірге екі қылмыстыны да өлтіруге алып бара жатты. Олар «Маңдайтөбе» деген жерге келгенде Исаны айқышқа керіп шегелеп, көтеріп қойды. Сондай-ақ екі қылмыскерді де, біреуін оң, екіншісін сол жағына айқыш ағаштарға керіп шегелеп, көтеріп қойды. Сонда Иса (көктегі Әкесіне сиынып): «Әке, оларды кешіре гөр! Олар не істеп жатқандарын түсінбейді», — деді». (Лұқ.23:32-34)

« Тал түсте бүкіл жерді қараңғылық басып, ол үш сағатқа созылды. Сағат үште Иса қатты дауыспен айқайлап: «Ілой, Ілой! Лама сабахтани?» — деді. Өз тілінде бұл «Құдайым, Құдайым! Неліктен Мені жалғыз қалдырдың?» дегенді білдіреді. Сол жерде тұрғандардың кейбіреулері мұны естігенде: «Қараңдар, Илияс пайғамбарды шақырып жатыр», — десті. (Марқ.15:33-35)

«Тиісті нәрселердің бәрінің түгел орындалғанын білген Иса бұдан кейін: «Мен шөлдеп тұрмын», — деді. Забурда алдын ала жазып қалдырылған бұл сөз де осылай іске асты. Сол жерде сірке суына толы құмыра тұрған еді. Жасақшылар бір сорғышты сірке суына батырып алып, үсөп бұтағына бекітіп, Исаның аузына тосты. Иса сірке суын сорғаннан кейін: «Енді түгел орындалды!» — деді де, басын иіп, жан тапсырды. Бұл жұма күні, ал ертеңіндегі сенбі үлкен мейрам болатын. Шегеленгендердің денелерін мейрам күні айқыш ағашта қалдыру яһудилердің діни ережелерін бұзу болып табылар еді. Сондықтан яһуди басшылары Пилатқа барып, шегеленгендерді аяқтарын сындырып өлтіріп, сүйектерін айқыштан алып тастауын өтінді. Сонымен жасақшылар келіп, Исамен бірге шегеленген екі кісінің аяқтарын сындырды. Ал Исаның қасына келіп, Оның өліп қалғанын көрген соң, аяқтарын сындырған жоқ. Бірақ жасақшылардың біреуі Исаның бүйіріне найзасын сұғып алды, сол заматта қан мен су шыға келді. Осыны көрген кісі сендер де сенсін деп бұған куәлік береді. Оның куәлігіне сенуге болады, ол шындықты айтып тұрғанын біледі. (Жохан.19:28-35)

## **Бұл өлімнің және қан төгілудің мағынасы не?**

«Себебі әрбір мақұлықтың жаны — оның қанында. Сол себепті Мен израилдіктерге ешқандай тәннің қанын ішіп-жемеуді бұйырдым. Өйткені барлық мақұлықтардың жаны қанында. Сондықтан оны ішіп-жеген әркім аластатылуға тиіс». (Леу.17:14).

« Таурат заңы бойынша бәрі дерлік қанмен тазартылады. Қан төгілмей, Құдай күнәны кешірмейді. Бір-ақ рет ұсынылған мәңгі жеткілікті құрбандық». (Евр.9:22)

Ал егер Құдайға ұқсап нұрда тұрсақ, онда өзара байланыста боламыз және Оның рухани Ұлы Исаның төгілген қаны бізді барлық күнәларымыздан тазартады. (1Жохан.1:7)

« Мәсіхтің құрбан болып, қаны төгілуімен төлеміміз өтеліп, біздер жамандықтың құлдығынан азат етіліп, күнәларымыз кешірілді». (Еф.1:7)

«Менің қабылдап алып, сендерге жеткізген ең басты хабарым мынау болды: Киелі жазбаларда алдын ала айтылғандай, Мәсіх біздің күнәларымыздың құнын өтеу үшін жанын қиды. Осы жазбалардың тағы алдын ала айтып кеткеніндей, Мәсіх қабірге қойылып, үшінші күні қайта тірілді. (1Қор.15:3,4)

« Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады». (Жохан.3:16)

### **Күнә мен жазадан құтылуым үшін мен не істеуім керек?**

« Өз аузыңмен Исаны Жаратқан Ием деп мойындасаң, жүрегіңде Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілтікеніне сенсең, онда құтқарыласың. Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсынан ақталып, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады». (Рим.10:9,10)

### **Егер мен Мәсіхші бола тұрып, көптеген құрбандық жасай алмасам не болады?**

«Адам бүкіл дүниеге ие болып, сол себепті өмірінен айырылса, бұдан оған не пайда? Яки адам өз өмірін құтқару үшін қандай құн төлей алады?» (Мат.16:26)

### **Ал егер Иса менің Құтқарушым болмаса менімен не болар еді?**

«Егер біз сондай Құдай ұсынған керемет құтқарылуды елемесек, онда жазадан қалайша құтылмақпыз? Осы құтқарылуды алғашқыда Иеміздің Өзі паш еткен еді. Бұл Ізгі хабарды құлақтарымен естіген куәгерлер кейін соған біздің де көзімізді жеткізді». (Евр.2:3)

« Үлкенді-кішілі өлген адамдардың тақ алдында тұрғандарын байқадым. Кітаптар ашылып, ерекше бір кітап Мәңгілік өмір кітабы да ашылды. Өлгендер сол кітаптарда жазылған, өздері тірі кездерінде жасаған істеріне сай сотталды. Теңізде қаза тапқандар да, жалпы ажалға ұшырап, о дүниеге аттанғандардың бәрі де қайта тіріліп, іс-әрекеттері бойынша сотталды. Бұдан кейін ажал мен о дүние тозақ отына лақтырылды. Тозақ оты «екінші өлім» деп те аталады. Кімнің есімі Мәңгілік өмір кітабында жазылмаған болса, сол да тозақ отына лақтырылды. (Аян.20:12,15)